

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқыңыз. Бұл құрылғыны тек төмендегі нұсқаулыққа сүйене отырып, тек берілген қосымша құралдармен бірге үй тазалау үшін ғана пайдалану керек. Өнім жасаушысы тастың, бұтақтың, т.б. құрылғының ішіне кетіп қалуы сияқты дұрыс пайдаланбау салдарынан туындайтын зақым үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды.



Маңызды!

- Бұл құрылғыны тек осы құрылғының өзінде көрсетілген кернеуге сай қауіпсіз өте төмен кернеумен ғана қуаттандыру керек.
- Құрылғыны іске қоспас бұрын, сүзгілердің өз орындарында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Сүзгілерді тұрақты түрде тексеріп тұрыңыз, қажет болса, щеткамен тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.
- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде сору саңылауын көздерден, құлақтардан, мұрыннан, т.б. аулақ ұстаңыз.

- Оттықтың талшықтарын немесе темекінің қалдықтарын толық сөнбейінше шаң сорғышпен тазаламаңыз.
- Құрылғыны немесе батарея зарядтағышын суға не басқа сұйық затқа ешқашан батырмаңыз. Құрылғыға немесе батарея зарядтағышына ешқашан су шашпаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Тазалағышты сыртта пайдаланбаңыз. Құрғақ жерде сақтаңыз.
- Тазалағышты қызу көздерінен (пештер, жылытқыштар) аулақ ұстаңыз.
- Батареяны зарядтағыш немесе кабель зақымданса, бұл тазалағышты пайдаланбаңыз.
- Өнім жасаушысында құрылғыларды және құралдарды өзгерту құқығы бар. Түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен құралдар әрқашан құрылғының тиімділігі сақталатындай және кепілдік күші жойылмайтындай етіп пайдаланылуы керек.



Ескеріңіз:

Мотордың зақымдануына жол бермес үшін, құрылғыны ешқашан сүзгілерсіз пайдаланбаңыз.

СИПАТТАМА

A. Құрылғының сипаттамасы

- A1 Қол сап/сап
- A2 Түтік тазалағышындағы батарея зарядтағышын қосу ұяшығы
- A3 Құлыптау винті
- A4 Саптың бағыттауыштары
- A5 Ауа шығу торы
- A6 Басқару тақтасы
- A7 ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі
- A8 Қуат деңгейін реттеу түймесі (қалыпты немесе ең жоғарғы қуат, қуат үнемдеу режимі)
- A9 Батареяны зарядтау/пайдалану уақыты жарық диодтары
- A10 Шаң ыдысы
- A11 Алдын ала сүзу бөлігі
- A12 Ұсақ сүзгі

- A13 Сору порты
A14 Түтік тірегінің ілгері

В. Зарядтау тұғыры

- B1 Түтік тірегіні зарядтау
B2 Тазалау щеткасының орны
B3 Сүзгілерге арналған тазалау щеткасы
B4 Түтік негізінің тірегі
B5 Қуат кабелінің ұзындығын реттегіш
B6 Қуат кабелі шығатын тесік
B7 Тіректегі зарядтағышты қосу орны

С. Керек-жарақтар

- C1 Батарея зарядтау
C2 Электрлік қылшақ
C3 Электрлік қылшақ қосқышы
C4 Ілгекті босату тетігі
C5 Қылдары бар доңғалақ
C6 Доңғалақ құлпы
C7 Электрлік қылшақты шығару түймесі

БАТАРЕЯЛАРДЫ ЗАРЯДТАУ

МАҢЫЗДЫ: Тек осы құрылғымен берілген түпнұсқа батарея зарядтағышын пайдаланыңыз. Құрылғыны 0°C-тан төмен немесе 40°C-тан жоғары температураларда зарядтамаңыз.



Ескеріңіз:

Құрылғыны бірінші рет пайдаланбас бұрын, батареяны 2 сағат 30 минут зарядтау керек. Бұл үлгіде 30 минуттық зарядпен бес минут жұмыс істеуге мүмкіндік беретін функция бар.

Зарядтау барысында құрылғыны пайдалануға болмайды.

Зарядтау циклінің соңында үш жарық диодтың барлығы жанады. Батарея толық отырған кезде, үш жарық диоды жыпылықтайды және құрылғы іске қосылмайды.

Құрылғыны әрбір пайдаланудан кейін келесіде батарея толық болуы үшін зарядтап қою – дұрыс әдет. Құрылғыны үнемі зарядтап қояудың еш зияны жоқ. Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын кездерде (демалыстарда...) оны розеткадан ажыратып қою керек. Әрбір толық зарядтаудан кейін, көрсетілетін жұмыс уақыттары мыналар:

Қуат 1 (қалыпты)	Қуат 2 (ең жоғарғы)	Қуат 3 (Қуат үнемдеу режимі)
24 мин дейін	14 мин дейін	50 мин дейін

БАТАРЕЯЛАРДЫ АУЫСТЫРУ

Батареялар жарамай қалған кезде, оны жергілікті тұтынушыларды қолдау қызметтеріне ауыстыртыңыз. Басқа түрдегі батареяларды пайдаланбаңыз.

БАТАРЕЯЛАРДЫ АЛУ

Батареяларды алу үшін, жергілікті тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз немесе мыналарды орындаңыз:

- Батареяларды алмас бұрын олардың толық отырғанын тексеріңіз.
- Құлыптау винтін бұрап (A3) ашу арқылы сапты (A1) алыңыз.
- Шаң ыдысын (A10) алыңыз.
- Тор мен корпусы (50-суретті көріңіз) алыңыз.
- Бекіту бұрандаларын бұрап шешіңіз (51-сур. көріңіз) және батареяны ажыратыңыз.



Маңызды!

Батареяларды алмас бұрын құрылғының батарея зарядтағышына қосылмағанына көз жеткізіңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Түрі: Өнімнің төлқұжат жапсырмасын көріңіз
Батареялар: 24 В никель-металгидридті
Зарядтағыш үлгісі: SSA-10W-30EU
Кіріс ток: 32 В 0,30 А

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
De'Longhi Appliances s.p.a.
Via L. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Барлық батарея зарядтау/жұмыс уақыты диодты шамдары (A9) жыпылықтайды және түймелер (A7 және A8) өшеді	Қылдары бар доңғалаққа бөгде заттар (шаш, жіптер, т.б.) қыстырылып, оның айналуына кедергі жасайды	Құрылғыны өшіріп, қылшақты мұқият тазалаңыз (39 - 49 суреттер)
	Сіз ұзын түкті кілемді тазалап жатырсыз, ал ұзын түктер доңғалақты тоқтатып, айналуға мүмкіндік бермей жатыр	Тазалағышты сөндіріп, кілемнен алыңыз да, доңғалақтың жіптер мен басқа да заттардан босағанына көз жеткізіңіз. Тазалағышты іске қосыңыз және электрлік қылшақтың өшірілгеніне көз жеткізіңіз (олай болмаса, электрлік қылшақ қосқышын басыңыз - C3). Кілемді тазалауды қайта бастаңыз.
Барлық батарея зарядтау/жұмыс уақыты диодты шамдары (A9) және түймелері (A7 және A8) жыпылықтайды	Ақаулық анықталды	Өкілетті тұтынушыларды қолдау орталығымен хабарласыңыз
Құрылғы іске қосылмайды	Батарея зарядтағыш (C1) құрылғыға жалғанған	Батарея зарядтағышын ажыратыңыз. Егер проблема жойылмаса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.